**plans.label.author**: Асылбекова Айсулу Ержановна
**plans.label.category**: Қазақ тілі (Т1)
**plans.label.class**: 5-сынып
**plans.label.section**: Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер
**plans.label.theme**: Қазақ халқының салт-дәстүрлері

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 5.О1. Мәтіндегі негізгі ойды айтады 5.А2. Сөздердің айтылы мен жазылымындағы айырмашылықтарды табады 5.Ж4. Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау. |
| Сабақтың мақсаты: | Барлығы: Мәтінің мәнін түсінеді, сөйлеу арқылы, дәстүрлерді ажыратады. Көбі: халқымыздың салт-дәстүрлерін түсінеді, ажыратады, таниды. Анық сөйлеу арқылы, түсінгенін, постер арқылы көрсетеді. Кейбірі: Мәтіннің мәнін түсінеді, ажыратады, сұрақтарға жауап береді. |
| Тілдік мақсаттар: | Үндестік заңын сақтау |
| Күтілетін нәтиже: | Қазақ халқының салт-дәстүрлерін біледі, мәтінмен жұмыс істей алады |
| Бағалау критерийлері: | Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды; Сурет бойынша мәтін жазады; Емлелік ескерткіштерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазады. |
| Құндылықтарды дарыту: | Отбасындағы дәстүрлердің маңызы Қазақ халқының тәлім-тәрбиесі |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Кескіндер, суреттер |
| Пәнаралық байланыс: | Тарих, қазақ әдебиеті, музыка |
| Бастапқы білім: | Отбасылық мерекелердің тәрбиелік мәні |

## plans.stages

| plans.schedule.stages | plans.schedule.activity | plans.schedule.resources |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Амандасу. Күннен , жерден нәр алған, Біз - өмірдің гүліміз. Бүгінгі күннің сәтінде, Сәтті болсын күніміз, -деп оқушылармен сабаққа бейімдету, назар аударту психологиялық ахуал жасалды. Оқушыларды кеспе арқылы «Тоқымқағар», «Беташар» топтарынак бөлдім. Ыстық орындық әдісі арқылы үй жұмысын тексеру Сабақтың критериалды бағалау түрлері тақтада ілініп тұрды. Бейнеролик көру арқылы оқушылармен бірге сабақтың тақырыбын анықтап аламыз. | Салт-дәстүр туралы бейнеролик |

| plans.schedule.stages | plans.schedule.activity | plans.schedule.resources |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | Тыңдалым дағдысы. 1- тапсырма: Мақсаты: Мұғалім мәтінді оқиды, оқушылар мәтінне тірек сөздер табады Сауын алу (салт) "Ердің күйін сұрама, жұрттан сауын сауған соң"("Ел аузы" кітабынан). Бұрын кедейлер мен малы аз адамдар ауқатты байлар мен жақын ағайындарынан сүтін пайдалану үшін сауынға деп құлынды бие немесе бұзаулы сиыр, кейде бірнеше қой, ешкіні де белгілі бір уақытқа сұрап алады. Сауынға алған малдың сүтін, май, қаймағын пайдаланып, қысқа құрт, ірімшігін дайындайды. Сауын тәртібі бойынша, алған адам малдың күйін төмендетпей және оның төлін де мезгілінде аман әкеліп тапсыруғакепілдік береді, шығын болса сөз айтпай төлейді. Сауын алудың ереже,тәртібі осындай, оған ешкім дау айта алмайды. Ертеректе кедейлербайлардан сауын беруге міндетті болған. Бұған ел ағалары менақсақалдары да араласып, ауқатты кісілерді осындай жәрдемге шақырып,ықпал етіп отырған. Бұл да қазаққа біткен қайырымдылық қасиетінің біркөрінісі екені анық. Тірек сөздер: сүт, май, ірімшік, сауын, бие, сиыр, ешкі,қой. Сұрақтар: -Мәтіндегі негізгі ақпаратты беріп тұрған сөздер қайсысы? -Қазақ дәстүрінде қайырымдылық қалай жүзеге асқан? (Оқушылар ауызшажауап бере отырып, ішкі уәжді арттыра түсенді.) 4-Тапсырма. «Қазақ халқының ертеден келе жатқан үлкен тойы – ас беру» деген тақырыптак ойбөліс ұйымдастырыңдар. Ойбөліске қойылатын талаптар: • Тақырптан ауытқымай; • Сөз әдебін сақтау; • Үндестік заңын сақтау; • Қазақ әдебиетінде суреттелген ас беру салтанатынан деректер келтіру; • Өзіндік ойы мен көзқарасын жүйелі жеткізу. | |
| Сабақтың соңы | Жазылым. 5-тапсырма: суреттерге қарап, мәтін құра. Салт-дәстүрлерді бейнелейтін сөздердің мағынасын түсіндір. Дескриптор - суреттерге таңдау жасайды; - сурет бойынша мәтін құрайды; - сөздер мен сөз тіркестерін суретке қатыстырып ұлтық этикет формаларын қолданды. | Интербелседі тақта |
| Рефлексия | Сабақтың басында бейнеролик көру арқылы сабақтың тақырыбына шығады. Оқушылар жұппен сұрақтарды талқылайды. Мақсатты жүзеге асыру үшін мәтін ұсынылды. Мәтіндегі тірек сөздер мен тіркестерді анықтай отырып, негізгі идеясын түсінеді. Жұппен жұмыс кезінде оқушылар бір-бірімен кеңесіп, өз ойын айта алады. | |